

**Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінде есепте тұрған тұлғаларға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға және интернат үйымдарының кәмелетке толмаған тұлектерге жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### **Күшін жойған**

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 209 қаулысы. Қостанай облысы Қостанай ауданының Эділет басқармасында 2011 жылғы 4 мамырда № 9-14-149 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 747 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 22.12.2015 № 747 қаулысымен (оган қол қойылғаннан кейін күшіне енеді).**

**Ескерту. Тақырыбы жана редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2012.05.08 № 284 (алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес, Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындар квотасы:

1) Қостанай ауданының жалпы жұмыс орындар санынан бір пайыз көлемінде қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінде есепте тұрған тұлғалар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар ;

2) интернат үйымдарының кәмелетке толмаған тұлектері үшін белгіленсін.

**Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2012.05.08 № 284 (алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, квотаға сәйкес жұмыс орындарға орналастыру үшін, қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінде есепте тұрған тұлғаларды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернат үйымдарының кәмелетке толмаған тұлектерін квотаға сәйкес жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру үшін жіберуді **қамтамасыз етсін.**

**Ескерту. 2 тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2012.05.08 № 284 (алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін**

**күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Осы қаулының орындалын бақылау Қостанай ауданы әкімінің орынбасары  
С. Кульбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*A. Ахметжанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК